

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

# ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Химия-биологиялық сериясы  
1997 жылдан бастап шығады



# ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Химико-биологическая серия  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3544

---

№ 1 (2021)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ**  
**Торайгыров университета**

**Химико-биологическая серия**  
выходит 4 раза в год

---

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

о постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания  
№ KZ84VPY00029266

выдано  
Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан

**Тематическая направленность**  
публикация материалов в области химии, биологии, экологии,  
сельскохозяйственных наук, медицины

**Подписной индекс – 76132**

<https://doi.org/10.48081/JGNL9363>

---

**Бас редакторы – главный редактор**

Ержанов Н. Т.  
*д.б.н., профессор*

Заместитель главного редактора  
Ответственный секретарь

Ахметов К. К., *д.б.н., профессор*  
Камкин В. А., *к.б.н., доцент*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Яковлев Р.В.,	<i>д.б.н., профессор (Россия);</i>
Титов С. В.,	<i>доктор PhD;</i>
Касанова А. Ж.,	<i>доктор PhD;</i>
Шокубаева З. Ж.	<i>(технический редактор).</i>

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели  
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов  
При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

**А. К. Сагадеева**

Торайғыров университеті,  
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

**ПАНДЕМИЯ КЕЗЕНІНДЕГІ ТУРИЗМНІҢ ХӘЛ-АХУАЛЫ**

*Бұл мақалада қазіргі уақыттың өзекті мәселелерінің бірі – туризм тақырыбы талқыланады. Күнделікті тіршілік пен шектеуліктерге толы болған карантин уақытында, бар адамзаттың ойы мен санасы демалысты аңсағаны сөзсіз. Бірақ оған көптеген кедергілер себепші болып, ешқандай шектеулерге қарамастан, сыртқы туризмді айтпағанның өзіңде, ел ішіндегі туризмге де қызығушылық арта түсті. Алайда, пандемия заңдары өз айтқаның істетпей қоймады. Туризм саласының айналасында қызмет етіп жүрген көлік құралдарының, тамақтану орындарының, ойын-сауық, танымдық, іскерлік, сауықтыру, спорттық және өзге де мақсаттағы объектілердің, тuroператорлық және турагенттік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың, сондай-ақ экскурсиялық қызметтер мен гид-аудармашылар қызметтерін ұсынатын ұйымдардың барлық дерлік қызметкерлеріне ауыр тигені айтпаса да белгілі.*

*Кілтті сөздер: туризм, пандемия, карантин, отдых, шектеулер.*

**Кіріспе**

Қазіргі уақытты шетелдік туризмсіз өмірімізді елестету мүмкін емес. Ол бүгінде барлық жерде – Парижде, Лондонда, Нью-Йоркте, Мәскеуде және әлемнің басқа қалаларында жақсы дамыған.

Бүгінгі таңда туризм дәстүрлі туристік орталық болып табылатын Еуропаны ғана емес, сонымен қатар Америка, Азия, Африка және Австралия елдерін де қамтыды.

Кең мағынада туристік индустрияны салааралық кешен ретінде анықтауға болады, оның ішінде:

а) жолаушылар көлігі (әуе, су, автомобиль, теміржол), оның техникалық қызметтерінің кең желісі;

б) әртүрлі мамандандырылған туристік кәсіпорындар және айқын туристік сипаты жоқ салалар кәсіпорындары (атап айтқанда, көліктік

машина жасау және автомобиль жасау, отын өнеркәсібі, күрделі және жол құрылысы, кәдесыйлар шығаратын жергілікті өнеркәсіп, тамақ өнеркәсібі, ауыл шаруашылығының көптеген салалары және т. б.);

в) турист пайдаланатын қызметтердің кең саласы. Туристік индустрия ұйымдастырылған туризмді дамытудың негізі болып табылатын материалдық-техникалық базаға (МТБ) сүйенеді.

Туризмнің материалдық-техникалық базасына мыналар жатады: туристік фирмалар (туроператорлар мен турагенттер), қонақ үйлер, туристік базалар, тамақтану және сауда кәсіпорындары, автокөлік кәсіпорындары, туристік керек-жарақтар мен құрал-саймандарды жалға беру пункттері, туристік жолдамаларды өткізу бюролары, бақылау-құтқару қызметтері (бекеттер), туристік клубтар, станциялар және т.б.

### **Материалдар мен әдістер**

Туризм-бұл көптеген қызмет түрлерін қамтитын сала. Туризм индустриясының барлық сегменттері өзара байланысты және бір-біріне тәуелді. Мысалы, тау шаңғысы курортының жетістігі шаңғышылардың беткейлерге жеткізілуіне, орналасу деңгейіне, тамақтану деңгейіне және курортта демалу кезінде туристерге ұсынылатын басқа қызметтерге байланысты. Тау шаңғысы курорттарымен байланысқан шағын кәсіпорындар тәуелсіз бизнес ретінде әрекет етеді, бірақ іс жүзінде олар бір-біріне тәуелді. Бұл тәуелділік бірлескен күш-жігерді қажет етеді, бірақ олардың бизнесі бәсекелес және тұтынушылық нарық үшін күреседі, бұл өзара әрекеттесуді қиындатады.

Әлемдік қоғамдастық үшін Туризм баяғыда-ақ жалпы табыстың 10 %-ға жуығын әкелетін неғұрлым табысты және қарқынды дамып келе жатқан салалардың бірі болып табылады. Туризм кірістілігінің жоғары өсу қарқыны туралы келесі деректерге сүйенуге болады: егер 1950 жылы әлемдік туризмнен түсетін түсімдер 2,1 миллиард долларды құраса, ал 1998 жылы – 444,7 миллиард долларына жеткен, 2020 жылы бұл көрсеткіш одан 3 есеге жуық өсіп кетті. Алайда бүкіл әлемді жаулаған пандемия салдары бұл сандардың кему ретімен өзгеруіне әкеп соқты. Ол дегеніміз, барлық дерлік елдердің шекаралары жабылып, коронавирус инфекциясының таралуына байланысты туристік мақсатта сапарларға шектеу қойылған күннен бастап, туристік индустрияға өте қиын күндерді бастан өткеруге тура келді. Соңғы жылдары шетелдік азаматтардың қызығушылығы арта бастаған тұста, әсіресе, 2017 жылы бүкіл әлемге дүркіреп өткен «EXPO-2017» көрмесінен кейінгі сұранысқа ие бола бастаған ел туризмі бірден есенгіреп қалды. Әрине, кейбір дерек көздері бұл жағдайдың да оң жақтарын іздеп, керісінше, сырттан келетіндерге қарағанда ел ішіндегі туризмнің артатынын айтып жұбатқандай

болып еді. Алайда, қаншалықты мемлекет ішіндегі ішкі туризм дамығанымен сырттан түсетін пайданың оннан бір бөлігін де жаба алмайтыны айтпаса да белгілі.

Британдық танымал «The Guardian» басылымының оқырмандары әлембойынша ең қолайлы, әрі қауіпсіз елдер тізімін жасады, газет оқырмандарының тізімінде Шотландия, Украина, Қырғызстан, Мавритания, Грузия және де Қазақстанда бар.

Жақында француздық «Le Figaro» басылымы Қазақстанды 2021 жылы баруға ұсынылған 21 дестинация тізіміне қосты.

Дестинация - бұл туристердің қажеттіліктері мен үміттерін қанағаттандыру үшін таңдалған және байланыстырылған инфрақұрылым мен қызметтердің жиынтығы бар аймақ дегенді білдіретін ұғым.

### **Қорытындылар мен пікірлер**

Ия, бізде бәрі бар, табиғат та, инфрақұрылымдық қажеттіліктер де, ішкі және сыртқы туризмді дамыту үшін жан салмай еңбек етіп жатқан адамдар да баршылық, бірақ уақыт талабы бұл мүмкіндіктерге шектеу қойып отыр.

Шекаралардың жабылуы қазақстандықтарды ел ішінде демалуға итермеледі. Биыл туризм – ең көп зардап шеккен салалардың бірі. Қонақ үйлер, мейрамхана бизнесі, жолаушылар тасымалы, экскурсиялық қызмет қатты зардап шекті. Туроператорлар мен турагенттерде табыстылық 70 %-ға, орналастыру орындарында – 80 %-ға төмендеді. Әр түрлі аймақтарда аймақтық факторлардың әсерінен, қатаң шектеу шараларының болуы немесе болмауы салдарынан өзгеріп отырды.

Салалық қоғамдастықтың ұсынысы бойынша зардап шеккен салаларға көрсетілген мемлекеттік қолдау шараларының көпшілігі туристік бизнес субъектілеріне (салық, қаржы шаралары, тексерулерді тоқтата тұру) қолжетімді болды. Алайда лагерьлер үшін 1000 АЕК біржолғы төлеу және туристік нарық субъектілері үшін коммуналдық шығындарды субсидиялау бойынша ұсыныстар табылған жоқ. Қазақстандықтардың көпшілігі қалаларға жақын табиғи демалыс орындарына, ұлттық парктер мен курорттық аймақтарға барды. «Қара нарықтың» күрт өсуі бойынша таңғажайып көрініс қалыптасты. Демалыс күндері ұйымдастырылған туристік топтарды алып жүретін туроператорлар жұмыс істей алмады, бірақ тәуелсіз туристер мен демалыс күндері турларды заңсыз ұйымдастырушылар олардың келуі мен қокыс жинағаны үшін ешқандай жауапкершілік көтерместен өз істерін жалғастырды тоқтатпады.

Кобейтуз көліндегі «жабайы туристердің» әрекеттерін бәрі біледі. Бір маусымда ел мақтанышы болған «Қызғылт көл» көркем жерден тонау мен қокыс полигонына айналды. Бірқатар тартымды туристік орындар мен демалыс

орындары туристерге толғанымен, қоқысқа да толып кетті. Бұл проблеманың бірнеше аспектілері бар – бұл туристердің өз мәдениетінің төмендігі және бизнес-процестердің төмен ұйымдастырылуы, объектілерден қоқыс жинау және шығару бойынша қызметтерінің төмендігімен түсіндіріледі. Мысалы, Түркияның тәжірибесіне сүйенсек. 1990 жылдары Түркияның мәдениет және туризм министрлігі бүкіл ел бойынша перспективалы аудандарды анықтады, мемлекет қаражаты инфрақұрылымды дамытуға бағытталды: автомобиль және темір жол құрылысы, қонақ үйлер, гид курстарын және қонақжайлылық мектептерін ашты. Ал әлеуетті инвесторларға өте тартымды ынталандыру шаралары ұсынылды – құрылысқа жерді тегін жалға беру, төмен пайыздық мөлшерлеменен объектілерді салуға несиелер, электр энергиясына, су мен газға жеңілдікті тарифтер, бірқатар салықтар мен баждардан босату сияқты көмектер көрсетілді. Нәтижесінде орасан зор сала құрылды, ол бүгінде елдің ЖІӨ-не қомақты үлес қосуда.

### **Қорытынды**

Қорыта келгенде бізде нені көрсету керек, неден турөнім жасау керек, бүгінгі таңда қандай нысандар мен бағыттар бар, инфрақұрылым элементтері немесе адами ресурстар жеткіліксіз екенін түсіну керек. Қазақстанда алуан түрлі туристік өнімді жасау үшін барлық алғышарттар бар, тамаша ландшафттары бар курорттық аймақтар да жеткілікті (Маңғыстау, Түркістан, Шығыс Қазақстан және т.б.). Туристік өнімнің сапасын жақсарту үшін, әрине, халықаралық тәжірибе мен әлемдік стандарттарды зерделеу керек, бірақ мұны Қазақстан үшін негізгі нарықтарға сүйене отырып жасау керек. Қазақстандағы ішкі туризмнің басы балалар мен жастар арасындағы саяхатқа деген қызығушылықты арттыру, табиғатқа ұқыпты қарауға, экологиялық мәдениетке және жалпы мәдениетке тәрбиелеу үшін ерекше туристік өнім қажет. Бұл мұражайлар, сапарлар мен экскурсиялардың жаңартылған форматы болуы керек деген сөз («тірі сабақтар», гамификация және т.б.).

### **Пайдаланған деректер тізімі**

1 **Сансызбайқызы, С.** Проблемы развития туристской отрасли в Республике Казахстан [Текст] // Алматы, Вестник КазНУ. – 2010. – № 4. – С. 22–24.

2 **Мазбаев, О. Б.** Туризм Казахстана. Состояние. Проблемы. Пути развития//Материалы научно-практической конференции «Современные проблемы развития туризма и географии в РК: настоящее и будущее» [Текст]. 2013.

3 **Ердаuletov, С. Р.** История туризма. Развитие и научное изучение [Текст] // Алматы, – 2010. – С. 215.

4 <https://alma-ata.city/novosti-kazakhstanana/21302/>

5 <https://inbusiness.kz/ru/news/vnutrennij-turizm-v-kazahstane-dolzhen-stat-prioritetom>

## References

1 **Sansyzbajkyzy, S.** Problemy` razvitiya turistskoj otrasli v Respublike Kazaxstan [Tekst] // Almaty`, Vestnik KazNU. – 2010. – № 4. – S. 22-24. [Problems of development of the tourism industry in the Republic of Kazakhstan] [Text] // Almaty, Bulletin of KazNU. – 2010. – № 4. – P. 22–24.

2 **Mazbaev, O. B.** Turizm Kazaxstana. Sosotoyanie. Problemy`. Puti razvitiya//Materialy` nauchno-prakticheskoy konferencii «Sovremenny`e problemy` razvitiya turizma i geografii v RK : nastoyashhee i budushhee» [Tekst]. 2013. [Tourism of Kazakhstan. Sosotoyanie. Problems. Ways of development// Materials of the scientific and practical conference « Modern problems of tourism and Geography development in the Republic of Kazakhstan: Present and future»] [Text]. 2013.

3 **Erdavletov, S. R.** Istoriya turizma. Razvitie i nauchnoe izuchenie [Tekst] // Almaty`, – 2010. – S. 215. [History of tourism. Development and scientific study] [Text]. – Almaty,– 2010. – P. 21.

4 <https://alma-ata.city/novosti-kazakhstanana/21302/>

5 <https://inbusiness.kz/ru/news/vnutrennij-turizm-v-kazahstane-dolzhen-stat-prioritetom>

Материал 15.03.21 баспаға түсті.

\**А. К. Сагадеева*

Торайгыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 15.03.21.

## СОСТОЯНИЕ ТУРИЗМА В ПЕРИОД ПАНДЕМИИ

*В данной статье рассматривается одна из самых актуальных проблем современности - туризм. Во время карантина, наполненного повседневной жизнью и ограничениями, ясно, что все искали любую возможность выехать за границу или же об отдыхе на природе.*

*Однако это было вызвано множеством препятствий, не говоря уже о запретах на въезды, соответственно возрос интерес к внутреннему туризму. Как бы там не было законы пандемии диктуют по другому. Все рестораны, развлекательные, образовательные, деловые, спортивные и другие объекты, действующие туроператоры и туристические агентства, а также организации, предоставляющие туристические услуги, и гиды-переводчики, работающие в сфере туризма, практически все пострадали. Само собой разумеется, что для решения этих вопросов необходима комплексная работа.*

*Ключевые слова: туризм, пандемия, карантин, отдых, ограничения.*

*\*А. К. Sagadeeva*

Toraighyrov University,  
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.  
Material received on 15.03.21.

## **STATE OF TOURISM DURING PANDEMIC PERIOD**

*This article examines one of the most pressing problems of our time - tourism. During the quarantine, filled with daily life and restrictions, it is clear that everyone was looking for any opportunity to travel abroad or for outdoor recreation. However, this was caused by many obstacles, not to mention the entry bans, and the interest in domestic tourism increased accordingly. However, the laws of the pandemic dictate differently. All restaurants, entertainment, educational, business, sports and other facilities, existing tour operators and travel agencies, as well as organizations providing travel services and guide-translators working in the tourism sector, almost all suffered. It goes without saying that complex work is needed to address these issues.*

*Keywords: tourism, pandemic, quarantine, rest, restrictions.*



Теруге 15.03.2021 ж. жіберілді. Басуға 26.03.2021 ж. қол қойылды.  
Электронды баспа  
836 КБ RAM  
Шартты баспа табағы 6,4  
Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.  
Компьютерде беттеген: З. С. Исакова  
Корректор: А. Р. Омарова  
Тапсырыс № 3789

Сдано в набор 15.03.2021 г. Подписано в печать 26.03.2021 г.  
Электронное издание  
836 КБ Мб RAM  
Усл.п.л. 6,4. Тираж 300 экз. Цена договорная.  
Компьютерная верстка: З. С. Исакова  
Корректор: А. Р. Омарова  
Заказ № 3789

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған  
«Торайғыров университеті» КЕАҚ  
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы  
«Торайғыров университеті» КЕАҚ  
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.  
8 (7182) 67-36-69  
e-mail: kereku@tou.edu.kz  
www.vestnik.tou.edu.kz